

**Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы
денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы
ынтымақтастық жөніндегі Жұмыс тобының қызметі туралы ереже**

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Жұмыс тобы мынаны белгілейді:

1. Бұдан әрі «Жұмыс тобы» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Жұмыс тобының негізгі міндеттері:

- денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы екі тараптың арасындағы жасалған халықаралық шарттарды іске асыруға бағытталған ұсыныстар мен шешімдерді әзірлеу;

- денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы өзара ынтымақтастықтағы кедергілерді жоюға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу;

- екі тараптың әрқайсысы үшін басымды салалардағы ынтымақтастықты тереңдету, ерекше орынды деп танылатын салалардағы ынтымақтастықты кеңейту;

- денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы, сарапшылармен, мамандармен және медицина кадрларымен алмасу бастамашылығын қоса алғандағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған іс-шараларды өткізу;

- мемлекеттердің халықаралық міндеттемелері мен олардың ішкі заңнамасы шеңберінде анықталған өзара пайдалы ынтымақтастықты кеңейту;

- органдармен, компанияларымен және денсаулық сақтау ұйымдарымен тікелей байланыстарды тереңдетуге жәрдемдесу;

- дәрілік заттардың айналысы саласындағы өзара пайдалы әріптестікті тереңдетуге бағытталған іс-шараларды өткізу;

- денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы бағдарламалармен, тәжірибемен және ақпаратпен алмасуда бастамашылық ету;

- Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының өңірлері арасындағы тікелей байланыстарды жандандыру үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға жәрдемдесу;

- қабылдап отырған тараптың отырыстарында Жұмыс тобының

